

Ә Д Е Б И Е Т Т А Н У

Қ.Қалиева,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент,
Қарағанды «Болашақ» университеті.
Қарағанды/Қазақстан

ПОЭЗИЯДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

Қасым Аманжолов - өткен ғасыр басында дүниеге келіп, ұлттық поэзияның өре-деңгейін биік зияткерлік, мазмұн мен пішін бірлігі, оттылық пен өткірлік тұтастығы арқылы шыңға көтерген ақын. Қасым ақын өзіне дейінгі ұлттық поэзия үлгілерінің озығын өз болмысына сіңіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар ақындықтың шеберлік мектебін қалыптастырды. Егер дәстүр мен жаңашылдық сияқты тарихи-философиялық ұғымдар тұрғысынан келсек, жыраулар поэзиясы, Махамбет жырлары Қасым Аманжолов поэзиясы үшін рухани бастаудың қайнар көзі бола алды. Ал, оның тамаша өлеңдері, дастаны өзінен кейінгі Мұқағали Мақатаевтың өнеге алар рухани мектебіне айналды.

Мұқағали Мақатаев поэтикасының қалыптасуында Қасым Аманжолов мектебінің әсері, сөз қолдану, түрді игеру, күрделендіруде, мазмұнды күрделендіруде аңғарылып отырады. Мұқағали шығармашылығынан, сол Қасым ақыннан эстафета қабылдау, Қасым үлгісімен жазып, Қасым дәстүрін ілгері дамытудың бар екенін байқауға болады. Қасым өлеңдеріндегі шиыршық атқан тегеурінді екпін, серпінділік, лирикалық кейіпкердегі өткір мінез, терең ойлы да отты, дауылдай толқынды сөз нөпірі, тілдегі бейнелілік, логикалық образ, бірді айтып екінші құбылысты мегзеу тәрізді стильдік ерекшеліктер нышаны М.Мақатаев өлеңдерінен танылады.

Белгілі сыншы Б.Кәрібаева: «Мұқағали Қасымның бел баласындай еді. Екеуі де өйткені, «етек басты көп көрдім елден бірақ» деген Абай шапанының шалғайынан шықты ғой. Жігері тасыған күн бор боп кетпей, алмастай қайырылып түсуі – қазақ өлеңінің бақыты. Ұлы музаға иек артуға мүмкіндік тапты. Жаны мен тәнін берді, бірақ қазақ өлеңінің рухын сақтап қалды. Олардың қабырғасы қалың қарсыластарына керегі де сол рухты өшіру еді ғой. Алайда екі алып ол қамалды бермеді, аман алып қалды» [1, 101], – деуінде үлкен мән жатса керек.

Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» толғауында өмірдегі ең өзекті мәселелердің бірі – өмір мен өлім күресі, өмірдің мәңгілік мәні туралы жырлайды. Ақын поэзия тілімен үлкен азаматтық, философиялық толғауында өмірге ой жүгірте отырып, терең тамырлы түйіндер жасайды.

Екі көзі екі жұлдыз маңдайдағы,
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы .
Япырмай сен де бір күн сөнермісің,
Қап-қара түнек болып маңайдағы

Немесе:

Дарига, о дарига, шіркін дәурен,
Басымнан таярмысың бір күн дәурен.
Жалт беріп, жоғалар ма нажағайдай,
Жүзіңде шалқып тұрған күлкім дәурен.

Осы секілді күдік пен қорқыныштан гөрі парызын ерлікпен қайтарған жолдар көп кездеседі. Оларды тебіренбей оқу мүмкін емес, өйткені өзекті жанның бәріне де ортақ нәрсе бұл. Табиғат заңы – тұмақ бар да, өлмек бар. Бұл әлімсақтан белгілі бұлжымас қағида болса да, ақын жүрегі бұған езіле ауырып, буырқанады. Ақын мұны мойындай отырса да:

Бір күні от - өмірім қалса өшіп,

Қайран ел туған жерден кетпес көшіп,
Торқадай жамылып ап топырағын,
Жатармын өз жерімде бір төмпешік. –

деп өлең болып жалғасқан өмірін сезінеді. Ол өз өмірінің мәнін әділдіктен, адалдықтан іздейді, үмітін келешекке артады.

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Ақынның мәңгілікке ұмтылуы, рухының, өлеңінің өлмеуіне, өлімді жеңуге ұмтылуы осы. Әрине, бұның бәрі бұрын айтылмаған нәрселер емес. Мәңгілікке, өлімді жеңуге ұмтылу адамзаттың ежелден келе жатқан арманы. Бірақ бұл мәселе – мәңгілік мәселе, кез-келген жүректі тебірентер, толғандырар мәселе. Ақын сол толғануын бізге өзіндік үнімен жеткізіп отыр. Бұндағы сезімінің күштілігі терең ойды диттеген жеріне жеткізіп тұр. Образдары керемет – айна қатесі жоқ ақынның өзі; өз жүрегінің лүпілі. Ол өлімнің трагедиясынан өмірдің жарқын жырын шығарды. Жырдың өне бойы әділдікке, адалдыққа ұмтылу әуеніне толы. Жан жүрегінді сілкіп-сілікіп алып, мына өмірдің қыр-сырына тереңірек үңілдіретін, тазартатын, жақсылыққа ұмтылдыратын қуат бұл жырға қайдан келді? Бұл тек Қасымның ақындық қуатының ғана қолынан келмек; оның құбылысты – өмір мен өлімді тұтас, бар қайшылық, тартысымен қоса қамтып, қасірет пен қуанышын табиғи күйінде жырлауында.

Анық байқалатын нәрсе – өлеңнің жандылығы. Ол өзінің даладай дарқандығымен, табиғилығымен, кең тынысымен жүрегінді жаулап алады. Бұнда біресе қайғыру, біресе қуану, тағы да күдік, тағы да сенім бар. Айна қатесіз өлеңге түсе қалған жан-дүние арпалысы, өмір жолындағы ізденістің әрбір сәті, сол сәттегі жүрек лүпілі бар.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді,
Қасымның өзі емес деп кім айтасың.

Сол Қасымдардың бірі – Мұқағали еді. Пушкиннің «Моцартпен Сальериінде» Моцартқа реквием жазуды тапсыратын қара киімді белгісізден басталып қоя беретін Мұқағали жыры бірінші шумақтан-ақ терең қасірет лебін сездіреді. Міне, Моцарт рояльға отырды. Аза бойыңды қазақ қылып, музыка үні естіледі. Алыстан жеткен сарын сыр аңғартқандай.

Өмірді мынау азалы ауыр үн басты,
Күйзеліп жайлап, өмір мен өлім сырласты...

«Реквиемнің» көкейкесті, өзек жарды мәселесі осы екенін бірден аңғарасың. Одан сырласу басталады. Бұның бәрі Моцарт музыкасын әншейін өлеңмен баяндау емес, Мұқағалидың өз жүрегімен қабылдауы, өз жүрегімен қайта бір толғауы түптің-түбінде өз үні, өз жыры.

Мен сені сүйгем,
Жаныммен сүйгем, жарық күн!
Жатсам да сүйем тұңғиығыңда тамұқтың
Ақ сәулем сенің аймалап мені,
Жарық күн.
Тұрған да болар үстінде мынау табыттың.
Ғарыштан құйған ғаламға ортақ шуағың
Сезгенмін, білгем
Мен үшін бір күн тынарын.
Тастама мені,
Тастама мені, шырағым
Шуағың түссін,
Шөп болып мейлі шығамын.

Сонша мұңылы болғанымен дүниеден түңілу, ме? Жоқ, өмір деп үздіккен, «Бір күндік сәулеге» зарыққан ғашықтық шексіз құштарлық.

«Табыт үнінде» тек осы құштарлық қана емес, тірілердің ойына от тастау да бар.

Өлгеннен сұра дер едім
Тірі жандарға
Өмір дегеннің не екенін.
Өмір дегенге
Тірлікте сірә жетер ме ой
Жарқын сәуледен басқаның бәрі – бекер ғой.
Бекер ғой бәрі
Бекер ғой бәрі бекер ғой
Өмір дегеннің – бір күндік сәуле екен ғой...
Тамшыдай ғана нұрына міне, зарықтым
Өмір осы екен, сырына міне, зарықтым
Жаса, сен Мәңгі!
Жаса сен Мәңгі!
Жарық күн!

Ақын бұл арқылы күн сәулесінен, яғни табиғаттан, табиғи тірліктен басқаның бәрі бекер деп тұрмаған болар? Жарық, сәуле дегенге ақын үлкен, терең мағына сипызып тұр. Екеуі де жүрекке ыстық сөздер. «Жарық сәуле» – жарқындық, жақсылық дегенмен мағыналас жатыр. Бұған әсіресе «Жетімдер үнін» оқығанда көз жетеді.

Өмір дегенге
Тірлікте сірә жетер ме ой – десе, мұнда:
Тіршілікте біреуін біреу күндер
Бізге жат әлі кімдер –
Тірі кімдер
Жиылып, жер шарының жетімдері,
Алдында Ақиқаттың бірігіндер!

Міне, ақынның азаматтық позициясы, тірілерге айтып кеткен өсиеті. Жарық сәуле – жарқындылықтан, жақсылықтан басқаның бәрі бекер.

«Табыт үнінің» аяғында «Жаса сен мәңгі, Жарық күн!» деген жолдар ақын жүрегін жарып шыққан ұраны десе де болады. Бұл өмірге қол соғу, өмір әнұраны.

Мұң, қасіретке, сағынышқа, ғашықтыққа толы «Табыт үнінің» өзінде ақынның рухы қалың мұңның арасынан айқын аңғарылса, «Халық үні» бөлімі – ақынның өзін-өзі қайрап күш беруі, болашаққа үмітін артуы. М.Мақатаев өз жырының өлмесіне сенеді.

Қайырымсыз қазаға елің бас ұрмайды,
Саған деген сағыныш басылмайды.
Табытыңды жасырса жер жасырар,
Ал уақыт, өзіңді жасырмайды.

Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» толғауымен үндесіп, сабақтасып жатқан осынау сенімге, осынау ерлікке толы М.Мақатаев сөздері, өзіне-өзі айтса да, ақиқат екені аян. М.Мақатаев өз көшінің, өлең көшінің «жер бетінде тоқтамасына» сеніп кетті. Бұл тек М.Мақатаевтың өзіне-өзі күш беруі ғана емес, халықтың өнерді құрмет тұтарына деген сенімі. «Жесірлер үні», «Жетімдер үні» бөлімдері де өз трагизмімен ерекшеленеді. «Жесірлер үні» бөлімінде М.Мақатаев жалпы жесірлердің азаматын жоқтауын суреттеумен қатар, өз жоқтауын да саналы түрде шығарады. Ал «Жетімдер үні» бөлімінде ақынның өзіне тән азаматтық үні айқын естіледі.

Біздер жетімдерміз!
Жетімдерміз.
Жетім болып жүріп-ақ жетілгеміз.
Дөңгелек жердің шарын допша қуып,
Мазасын тіршіліктің кетіргеміз.

Осынша уытқа отқа толы терең мәнді жолдар ақынның жан дауысы секілді. Бұнда жетім атаулыға, әлсіз атаулыға көрсетілген жәбір, әділетсіздікке жаны шыға шырқыраған ақынның нәзік жүрегі бар. Бүкіл жер шарында, бүкіл адамзат бойында әділет пен ақиқаттың салтанат құруына ұмтылу бар. Тірілерге айтып кеткен өсиеті, ақынның азаматтық үні бар.

Поэманың соңғы бөлімі «Бесік жырында» да мұң бар. Табиғат заңына бағыну бар, бірақ өмірден түңілу жоқ.

Әлди, әлди ақ пенде
Тыныштық тауып жат менде
Өмірді қандай сыйласаң,
Өлімді сондай жат көрме!
Бауырыма мәңгі сақтаған
Әлди
Әлди
Әлди
Ақ балам...
Әлди...
Әлди...
Әлди-ай!

Поэма өлеңдік құрылысы, жалпы композициясы жағынан өзгеше дүние. Бірақ ол ғайыптан келген нәрсе емес. М.Мақатев шығармашылығының терең де заңды жалғасы. Ақынның өзіне тән азаматтық өр үні мұнда да айқын естіледі.

Қасым мен Мұқағали жырын қатар оқып, екі туындыны ұқсас десек бұл тегін емес. Екі жырдың өлеңдік құрылысы да, жалпы құрылысы да, тілі де, бояуы да бір-біріне мүлде ұқсамайды. Екеуі екі басқа нәрсе. Бірақ бұл жырлардың үндестігі тереңнен тамыр тартады. Көзге көрінбегенмен жүрекке барар қан тамырлары байланысып жатыр. Жырлардың сарыны ұқсас, рухы ұқсас. Өмірдің трагедиясынан үлкен оптимистік, ерлік қорытынды шығаруы ұқсас. Екеуі де өлімді өнермен жеңуге ұмтылған ер ақын жыры, терең ойға қалдыратын өмірге гашықтық жыры.

Қазақ поэзиясының көгінен орын алған Қасым мен Мұқағали құдіретті өлеңнің қасиетін сезініп қана қойған жоқ, «өмірім - өлеңім» - деп жырлап өтті.

Қасым мен Мұқағали поэзияларының дара сипат, өміршең құпиясы драматизмге толы адам табиғатымен тағдырлас, адам ғұмырымен өзектес жататындығында. Екі ақын өлеңдерінің әр жол, әр ыргағында адам жүрегінің дүрсілі жатыр. Лирикалары табиғаттың үні мен тынысындай жанымызға тым жақын болып келетіні де осыдан. Екі ақын шығармаларындағы басты ұқсастық – олардың өлеңдеріндегі азаматтық әуен. Екі ақын жырларының негізгі темірқазығы – шындық, сезім, ой, сенім. Осы айтылғандар олардың шығармашылығының өзегі болумен бірге, поэзияларындағы философиялық ойдың тереңдігін, асқақ талантын, ұлағатты парасаттылығын биік тұрғыдан аңғартатын ерекше белгілері болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. – Алматы, 2001. - 312 б.
2. Аманжолов Қ. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2001. - 1-т. - 344 б.
3. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 2007. – 3-т. - 432 б.

Резюме

В данной статье рассмотрена лирическая преемственность в поэзиях К.Аманжолова и М.Мақатаева.

Summary

In this article considered the lyrical communicate in works of K.Amanzholov and M.Makataev.

Özet